Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбөбек»балабақшасы

Топ: **«Жұлдыз»**

Балалардың жасы**: 2 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі**: 4- апта24.10-28.10.2022жыл**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 24.10.2022ж** | **Сейсенбі 25.10.2022ж** | **Сәрсенбі 26.10.2022ж** | **Бейсенбі 27.10.2022ж** | **Жұма 28.10.2022ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру.<br>Балалардың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, күн суғына байланысты жылы киіндіруге кеңес беру. Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау.Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу.Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу(***сөйлеуді дамыту)*** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (бояу, қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Үлкен заттарды тап»**<br>**Мақсаты:**суреттер дің ішінен үлкен заттарды тауып, аттарын атап, түстерін ажыратуға үйрету.<br>Үлкен аюдың суретін бояуды түсіне сәйкестендіріп құрастыру,үлкен аюдың көленкесін тауып жапсытуды үйрету<br>***(сөйлеуді дамыту, құрастыру , жапсыру, сурет салу, қоршаған ортамен таныстыру)*** | **«Ағаш па, гүл ма?»**<br>**Мақсаты:**өсімдіктер туралы ойларын дамыту. Ағаш пен гүлді ажырата білуге үйрету<br>ағаштар мен гүлдерді екі топқа бөлу арқылы балалардың шығармашылығын дамыту.<br>1-ші топ ағашқа күзгі жапырақтарды жапсырту<br>2-ші топ балаларға гүлді мүсіндету<br>***(сөйлеуді дамыту,жапсыру,қорш аған ортамен таныстыру,мүсіндеу, математика негіздері)*** | **«Кімнің құйрығы ұзын?»**<br>**Мақсаты**: заттардың ұзындығы бойынша салыстыра білуге, сөйлеу барысында «ұзын», «қысқа», ұғымдарын қолдана білуге үйрету<br>Суретпен жұмыс мүсіндеп,жапсыру арқылы қоянның құйрығы қысқа,түлкінің құйрығы ұзын екендігін түсіндіру.<br>Жұмбақ жасыру<br>(***сөйлеуді дамыту,жапсыру,мүсіндеу, математика негіздері)*** | **«Үлкен-кіші»**<br>**Мақсаты:**заттардың мөлшерін,шамасын салыстыруды үйрету.<br>Балалар суреттен үлкен кіші қонжықтарды анықтайды,үлкен қонжықтарды бір жаққа кішкентай қонжықтарды бір жаққа жапсыру,құрастыру арқылы шығармашылықтарын дамыту<br>(***сөйлеуді дамыту,математик а негіздері ,жапсыру, құрастыру)*** | **«Жемістерді сана»**<br>**Мақсаты:** балалардың жеміс туралы ойларын дамыту. Реттік санауға үйрету.<br>***(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру,математика негіздері)*** |
| Таңертеңгі | Қазан айына арналған құралмен таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жаттығу | ***(дене шынықтыру музыка)*** | | | | |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту<br>Сырттан келіп үнемі<br>Сабынмен қол жуамыз<br>Таза болды мұнтаздай<br>Тағамға қол созамыз<br>Бата<br>Датарханның басында<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Асқа адалдық<br>Басқа адалдық ***(қазақ тілі,сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет).( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)*** | | | | |
| Ұйымдастырыл-ған іс -әрекетке дайындық | **«Түрлі түсті шарлар»**<br>**Мақсаты:**<br>2 жұптық<br>Заттарды салыстырып, бірдей табуға<br>Кеңістікті бағдарлай отырып түлі түсті шарларды жапсыруды үйрету .<br>(***сөйлеуді дамыту, математика негіздері, жапсыру)*** | «**Заттарды сандармен сәйкестендіреміз»**<br>**Мақсаты:** реттік санауға үйрету.<br>Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендіруге үйрету.<br>(***математика негіздері, сөйлеуді дамыту,)*** | **Қандай пішінге ұқсайды?»**<br>**Мақсаты:** заттарды пішіндеріне қарай ажырату. Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>(***математика негіздері,сөйлеуді дамыту,)*** | **«Не қайда тұр?»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті дұрыс бағдарлауға үйрету. Айналадағы заттарды дұрыс атауға үйрету.<br>**Суретпен жұмыс:** суреттегі заттардың қай жақта орналасқанын табу.<br>(***сөйлеуді дамыту, математика негіздері,қоршаған ортамен таныстыру)*** | **«Гүлдерді күтеміз»**<br>Балалардың табиғатты қорғау, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдылары дамыту.<br>**1-ші топ:**Гүлдің суреттерін құрастыру.<br>**2-ші топ**:Гүлдердің суретін салу.<br>**3-ші топ**:Гүлдің жапырағын жапсырту<br>(***қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру, математика негіздері, сурет салу,жапсыру,сөйлеуді дамыту***) |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| Серуенге | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. ***(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту қоршаған ортамен таныстыру.)*** | | | | |
| Серуен | **«Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.»Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру .**Еңбек : « Біздің ойыншықтар » . Мақсаты:** Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.**Тақпақ: « Құстар қайтып барады » Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. **Қимылдық ойын: «Сымсыз телефон » Мақсаты:** шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (***Сөйлеуді дамыту,музыка*** | **«Күнді бақылау» Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін түсіндіру. **Еңбек :** Гүл шоғын жинау **Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Өлең:Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. **Қимылдық ойын:«Үрпек төбет» Мақсаты:** қимыл қозғалысын дамыта отарып,шапшаңдыққа ептілікке баулу (***сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру.дене шынықтыру)*** | **«Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.» Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. **Еңбек :** Біздің ойын алаңы тазарту **Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. **Тақпақ:** Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. **Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық » Мақсаты:** қимыл қозғалысын дамыта отарып,шапшаңдыққа ептілікке баулу(***сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет, қазақ тілі қоршаған ортамен таныстыру,физикалық қасиеттерін дамыту)*** | **«Көгершінді бақылау.» Мақсаты:**Балаларға көгершінің немен коректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.**Еңбек :** Ауладағы құстарға жем беру.**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.**Тақпақ:**Жылы жакка ұшпайтын<br>Біздің жақта<br>қыстайтын Құстар<br>жүрсе жуықта, Жем<br>шашуды ұмытпа!<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу. **Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал»Мақсаты:** ептілікке,жылдамдыққа тәрбиелеу (***сөйлеуді дамыту ,қазақ тілі, қоршаған ортамен*** | **«Аспанды бақылау»**Мақсаты: Аспандағы бұлттарды туралы әңгімелеу.Аспанның түсі қандай? **Еңбек:**Ойын алаңындағы қағаздарды жинастыру **Мақсаты**: Бірлесіп жұмыстануға үйрету **Қимылды ойын: «Аю қимылын жасату» Мақсаты:** шапшаңдыққа,ептілікке баулу.(***физикалық қасиеттерін дамыту,қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, музыка)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қоршаған ортамен таныстыру, физикалық қасиеттерін дамыту)* | | | *таныстыру,физикалық қасиеттерін дамыту,математика негіздері,көркем әдебиет)* | |
| Серуеннен оралу | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. **мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру)** | | | | |
| Түскі ас (Бата) | ***Бата:***<br>Дастарханың майлы,<br>Көңілің жайлы болсын.<br>Өміріңне не тілесең,<br>Тілегің қабыл болсын.<br>Үстел үстінде қарапайым мінез-<br>құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Шынықсын деп денеміз<br>Мөлдір суды сүйеміз<br>Сапқа бірге тұрамыз<br>Бет-қолымызды жуамыз.<br>***Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту***<br>***Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру*** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | **«Жеті лақ»ертегі**<br>***Көркем әдебиет*** | **«Айлакер қоян»** ертегісі,<br>***Көркем әдебиет*** | Ж.Байырбекованың **«Бесікжыры»** әнімен ұйықтайды.***Музыка.*** | **«Етікші»**,ертегісі<br>***Көркем әдебиет*** | Ж.Байырбекованың **«Бесікжыры»** әнімен ұйықтайды.<br>***Музыка*** |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | **Жаттығу**<br>Ояндық па бәріміз?<br>Бір-бірімізге қараймыз.<br>Күлімдейміз бәріміз.<br>Керіліп созылып,<br>Ақырын қане тұрамыз.<br>Орнымызда жүреміз,<br>Енді доп болып с екіреміз.<br>Адымдап жүреміз.<br>***(Физикалық*** | **Жаттығу**<br>Кереуетте отырып<br>Жоғары,<br>төмен қараңдар.<br>Солға иілу,<br>оңға иілу<br>Алға қарай еңкею.<br>Аяққа тұрып-<br>Жоғары ұмтылып.<br>Бір- созыламыз.<br>Екі- шалқаямыз.<br>***(Физикалық қасиеттерін дамыту).*** | **Жаттығу**<br>**Кім әлі ұйқыда? Тұру керек**<br>Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін<br>бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>***(Физикалық қасиеттерін*** | **Жаттығу**<br>**Оянайық бәріміз**<br>Тәрбиешінің айтқанын орындайды.Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,Бір - біріңе жымиыңдар,Бастарыңды оңға, солға бұрыңдар,Ауаны жұтыңдар, содан соң | **Жаттығу**<br>**Әтеш ұйықтап жатыр**<br>Аяқ пен қолды жоғары көтеру,Әтеш оянды.<br>Әтеш бидай іздейді.Отыру, аяқты бірінің үстіне бірін қою.<br>1. Басты оңға бұру<br>2. Қалыпқа келу<br>3. Басты солға бұру<br>4. Қалыпқа келу<br>5.Сол жаққа қайталау.<br>***(Физикалық қасиеттерін дамыту)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмегімен жасау. (***Сөйлеуді дамыту,сурет салу, құрастыру, мүсіндеу)*** | | | . (***сөйлеуді дамыту,мүсіндеу,құрастыру, сурет салу, қоршаған ортамен таныстыру)*** | |
| Балалармен жеке жұмыс | Ханшайым жануарлар атауын дұрыс айтуды үйрету | Іңкәрды дұрыс тамақтану мәдениетіне үйрету | Мединаға қайшыны оң қолмен ұстауды үйрету | Р. Інжу пазлмен жұмыс жасауды үйрету. | Самғатқа сурет салу кезінде карандашты дұрыс ұстауды үйрету |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. (***сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту қоршаған ортамен таныстыру.)*** | | | | |
| Серуен | **Ауа – райын бақылау.**<br>**Мақсаты:** Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өзойларын толық жеткізе білуге жұмыстану.<br>**Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?», «Қуыспақ»Мақсаты:** Икемділікке баулу.<br>**Жұмбақ** | **Балабақша ауласының тазалығын бақылау.**<br>**Мақсаты:**Тазалыққа, әсемдікке баулу.Еңбек сүйгіштікке,үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Телімдегі қағаз және ағаш қалдықтарын жинастыру.Қағаз бен қалдықтарды санап салу.<br>**Мақсаты:** Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар: «Кім шапшаң?» «Ұтып ал»**<br>**Мақсаты:** Икемділікке баулу.<br>**Мақал.** «Тазалық-денсаулық кепілі».<br>**Мақсаты:** Балалардың | **Жаңбырдың жауғанын бақылау.**<br>**Мақсаты:** Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көсету.Ақ жауын ба, нөсер ме? Айыра білуге баулу.<br>**Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр», «Жасырынбақ»Мақсаты:** Икемділікке баулу.<br>**Жұмбақ шешу**<br>Көтеріліп теңізден, аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде, өңі кірер даланың. (Жаңбыр)<br>**Еңбек.**Телімдегі жапырақтарды,қоқыстарды жинау | **Құстарға бақылау жасау.**<br>**Мақсаты:** Құстардың түрлерімен таныстыру және оларды ажырата білуге үйрету.<br>**Еңбек:** Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу.Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қою.Аланда ұшып жүрген құстарды санау.<br>**Мақсаты:** Балаларды құстарға деген қамқорлық сезіммен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойындар:<br>**«Өз орыңды тап»**<br>**Мақсаты:** Ептілікке баулу. | **Табиғатты өзгерістерді бақылау (жел, салқын, жаңбыр, т.б.)Мақсаты:** Ауа райындағы өзгерістерді аңғарып айта білуге баулу. Олардың жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отыратынын білгізу. Бір жылда қанша жыл мезгілдері барын сұрау. Жыл мезгілдерін санау.<br>**Қимылды ойындар: «Шеңберге дәл түсір», «Тышқан мен мысық»**<br>**Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.<br>**Еңбек:** Ойын алаңымызды жинастыру.<br>**Мақсаты:** Балаларды тазалыққа баулу.<br>**Тақпақ:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттау**Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің,<br>Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің.<br>(Ауа)<br>**Мақсаты:**Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.**Еңбек:** Телімдегі гүлдерге су құю. Гүлдерді санау.<br>**Тақпақ**<br>Жаңбыр, жаңбыр жау – жау,<br>Көк белеңді сау – сау.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын молайту.<br>(***Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері,физикалық қасиеттерін дамыту)*** | сөздік қорын молайту.<br>***(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздеріфизикалық қасиеттерін дамыту)*** | (***Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері,физикалық қасиеттерін дамыту)*** | **«Сауысқан»** туралы тақпақты қайталау.<br>Сауысқан – қорқақ құс, Көкек – мақтаншақ құс.<br>Бұлбұл - әнші құс,<br>Көгершін – бейбітшілік құсы.<br>**Мақсаты**:<br>Балалардың сөздік қорын молайту.<br>***(Қоршаған ортаментаныстыру, сөйлеуді дамыту, физикалық қасиеттерін дамыту, математика негіздері).*** | Жел соқты гу-гу,<br>Жаңбыр жауды тырс-тырс,<br>Жаңбыр тоқтады,<br>Күн ашылды, алақай!<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>(***Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, математика негіздері,физикалық қасиеттерін дамыту,көркем әдебиет)*** |
| Серуеннен оралу | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру,әртүрлі ілгектерді қолдана білуге баулу<br>**Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Үйде қысқа тақпақтар, ертегілер оқып беруге кеңес беру<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Ата- аналарға балаларды ауа-райына қарай киіндіруге кеңес беру.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** |